Есепті күндегі жағдай бойынша кредиттік портфельді құрайтын қарыздарды өтеу мерзімдері 26-ескертпеде көрсетілген және есепті күннен бастап кредиттік шарттар бойынша өтеу күндеріне дейінгі уақыт кезеңдерін білдіреді. Топ беретін қарыздардың қысқа мерзімді сипатын ескере отырып, көрсетілген қарыздардың бір бөлігі ұзартылуы мүмкін. Тиісінше, қарыздарды өтеудің нақты мерзімдері кредиттік шарттарда көзделген өтеу мерзімдерінен едәуір ерекшеленуі мүмкін.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

18. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Өзге қаржылық активтер		
Өзге дебиторлық берешек	23,495	16,453
Халықаралық төлем жүйесімен өзара есеп айырысу	10,527	12,092
Есептелген комиссия	8,329	6,291
Меншікті активтерді сатуға байланысты туындаған дебиторлық берешек	5,569	3,485
Вестерн Юнион және басқа да электронды аудармалар	1,822	2,490
	49,742	40,811
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(5,945)	(5,697)
	43,797	35,114
Ағымдағы басқа қаржылық емес активтер		
Алынған кепілзат	59,008	59,818
Берілген алғытөлемдер	48,633	22,063
Бірлескен ынтымақтастық шарты бойынша дебиторлық берешек	12,762	12,838
Пайдаға салынатын салықтан басқа, өтеуге салынатын салықтар	3,317	3,017
Тауарлық-материалдық қорлар	96	349
Өзге активтер	947	1,034
	124,763	99,119
Ағымдағы басқа қаржылық емес активтер		
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	14,340	18,408
Бірлескен ынтымақтастық шарты бойынша дебиторлық берешек	11,535	8,372
	150,638	125,899
Шығындар резерві	(11,977)	(12,220)
	138,661	113,679
	182,458	148,793

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 45,864 млн теңге мөлшеріндегі өзге де қаржылық активтер кредиттік тәуекелдің 1-сатысына (аудиттелмеген) (2024 жылғы 31 желтоқсан: 36,744 млн теңге), 1,122 млн теңге (аудиттелмеген) кредиттік тәуекелдің 2-сатысына (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1,499 млн теңге) және 2,756 млн теңге (аудиттелмеген) кредиттік тәуекелдің 3-сатысына (2024 жылғы 31 желтоқсан: 2,568 млн теңге) жатқызылды.

Бірлескен ынтымақтастық шарты бойынша дебиторлық берешек

2020 жылдың мамыр айында Топ «РАМС Қазақстан» ЖШС құрылыс компаниясымен жалпы құны 20,051 млн теңге болатын көпфункционалды тұрғын үй кешенін салу үшін жер учаскелерін сатуға бірлескен ынтымақтастық туралы шарт жасасты. Шарт талаптарына сәйкес, жер учаскелері үшін төлем ақшалай емес нысанда, тұрғын үй кешенінің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларының бір бөлігін Топтың меншігіне беру арқылы жүргізіледі. Ақшалай емес өтемақы сату күніндегі әділ құнымен бағаланды. 2023 жылғы 13 желтоқсанда «РАМС-Қазақстан» ЖШС объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойды. 2024 жыл ішінде Топ бірлескен ынтымақтастық шарты бойынша дебиторлық берешектің жалпы сомасынан 7,211 млн теңге сомасына мүлкті баланста таныды.

2023 жыл ішінде Топ құрылыс компанияларымен жалпы құны тиісінше 3,025 млн теңге, 3,130 млн теңге және 2,000 млн теңге болатын кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін жер учаскелерін сатуға бірлескен ынтымақтастық туралы шарттар жасасты. Шарт талаптарына сәйкес, жер учаскелері үшін төлем ақшалай емес нысанда, көппәтерлі тұрғын үй кешенінің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларының бір бөлігін Топтың меншігіне беру арқылы жүргізіледі. Ақшалай емес өтемақы сату күніндегі әділ құнымен бағаланды.

2025 жылдың сәуір айында Топ үшінші тараппен жалпы құны 3,163 млн теңге (аудиттелмеген) болатын көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін жер учаскелерін сатуға шарттар жасасты. Шарт талаптарына сәйкес, жер учаскелері үшін төлем ақшалай емес нысанда, көппәтерлі тұрғын үй кешенінің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларының бір бөлігін Топтың меншігіне беру арқылы жүргізіледі. Ақшалай емес өтемақы сату күніндегі әділ құнымен бағаланды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

18. ӨЗГЕ АКТИВТЕР, ЖАЛҒАСЫ

Алынған кепілзат

Алынған кепілзатқа Топ кредиттік-құнсызданған қарыздар бойынша өз міндеттемелерінің орнына қабылдаған жылжымайтын мүлік түріндегі кепілзат кіреді. Бұл активтер бастапқыда әділ құнымен есепке алынады және кейіннен сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергендегі әділ құн мен баланстық құнның ең азы бойынша есепке алынады. Топтың саясаты аталған активтерді барынша қысқа мерзімде сатуды көздейді.

2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнды анықтау кезінде ұқсас жылжымайтын мүлікке жасалған соңғы мәмілелердің бағаларын көрсететін салыстырмалы тәсіл қолданылды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны ұқсас жылжымайтын мүлікке жасалған соңғы транзакциялардың бағаларын көрсететін нарықтық салыстырмалы тәсіл негізінде анықталды және 2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше 14,340 млн теңгені (аудиттелмеген) және 19,095 млн теңгені құрады.

Инвестициялық меншіктің әділ құны әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жатады.

Жалдаудан түсетін кірістер құрамына енгізілген, 2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі инвестициялық жылжымайтын мүліктен түсетін кіріс тиісінше 1,948 млн теңгені (аудиттелмеген) және 1,700 млн теңгені (аудиттелмеген) құрады. 2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ жалдаудан кіріс алған инвестициялық жылжымайтын мүлікке байланысты операциялық шығыстар тиісінше 952 млн теңгені (аудиттелмеген) және 1,245 млн теңгені (аудиттелмеген) құрады.

19. БАНКТЕР МЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН ҚАРЫЗДАРЫ

	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	31 желтоқсан 2024 жыл
Банктердің корреспонденттік шоттары		116,784		120,710
Банктерден және қаржы ұйымдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар	1.00-12.50	113,016	1.00-12.50	100,820
Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар	13.10-16.16	54,692	12.15-14.70	54,574
Өзге де қарыздар		10		10
Есептелген пайыздық шығыс		1,531		1,799
		286,033		277,913
РЕПО келісімдері бойынша алынған қарыздар	3.15-15.70	58,357	3.34-15.01	18,270
		344,390		296,183

Банктерден және қаржы ұйымдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан, «ҚДБ» АҚ-дан, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан (бұдан әрі – «ӨДҚ» АҚ) және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан (бұдан әрі – «АНК» АҚ) тиісінше 2025-2040 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1.0%-12.5% мөлшерлемесімен 59,509 млн теңге (аудиттелмеген), 2034-2037 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1.0%-2.0% мөлшерлемесімен 19,850 млн теңге (аудиттелмеген), 2030 жылы өтеу мерзімімен жылдық 1.0% мөлшерлемесімен 17,044 млн теңге (аудиттелмеген) және 2025-2026 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1.5% мөлшерлемесімен 15,626 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына алынған ұзақ мерзімді қарыздармен (2024 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 54,681 млн теңге, 19,997 млн теңге, 17,958 млн теңге және 8,184 млн теңге), сондай-ақ 2026 жылы өтеу мерзімімен жылдық 5.0% мөлшерлемесімен 987 млн теңге сомасына «Нұрбанк» АҚ-дан алынған қарыздармен ұсынылған.

2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ белгіленген өтеу кестелеріне сәйкес негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін жүзеге асырды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан 2040 жылы өтеу мерзімімен жылдық 2.0%-12.0% мөлшерлемесімен 5,744 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына ұзақ мерзімді қарыздар алды. Қарыздар түпкілікті қарыз алушыларды одан әрі қаржыландыру үшін алынды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан алынған қарыздар бойынша жылдық 1.0%-12.0% мөлшерлемесімен 917 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына негізгі борышты төледі.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан алынған қарыздар сомасы 9,053 млн теңге (аудиттелмеген) борыштық бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген (2024 жылғы 31 желтоқсан: 5,994 млн теңге) (15-ескертпе).

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

19. БАНКТЕР МЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН ҚАРЫЗДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ҚДБ» АҚ-дан ұзақ мерзімді қарыздар бойынша қосымша транштар алмады.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ҚДБ» АҚ-дан алған қарыздар бойынша жылдық 1% мөлшерлемесімен 147 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына негізгі борышты төледі.

«ҚДБ» АҚ-дан алынған қарыздар өңдеуші өнеркәсіп секторында жұмыс істейтін ірі кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – «ІКС») кейіннен қаржыландыруға және қазақстандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушы жеке тұлғаларды кейіннен кредиттеуге арналған.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «АНК» АҚ-дан 2026 жылы өтеу мерзімімен жылдық 1.5% мөлшерлемесімен 11,922 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына ұзақ мерзімді қарыздар алды. Қарыздар көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін түпкілікті қарыз алушыларды одан әрі қаржыландыру үшін алынды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «АНК» АҚ-дан алған қарыздар бойынша жылдық 1.5% мөлшерлемесімен 4,479 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына негізгі борышты төледі.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ӨДҚ» АҚ-дан ұзақ мерзімді қарыздар бойынша қосымша транштар алмады.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «ӨДҚ» АҚ-дан алған қарыздар бойынша жылдық 1.0% мөлшерлемесімен 915 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына негізгі борышты төледі.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ӨДҚ» АҚ-дан алынған қарыздар сомасы 8,683 млн теңге (аудиттелмеген) борыштық бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген (2024 жылғы 31 желтоқсан: 14,121 млн теңге) (15-ескертпе).

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Нұрбанк» АҚ-дан алынған қарыздар 1,172 млн теңге сомасындағы борыштық бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген (15-ескертпе).

Топ банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздардың шарттарын орындау бойынша белгілі бір талаптарды (ковенанттарды) сақтауға тиіс. Бұл ковенанттарға ҚРҰБ-ның пруденциалдық нормативтерін сақтау, Банктің халықаралық кредиттік рейтингін қолдау, өтімділік коэффициенттерінің белгілі бір деңгейін және капиталдың тиісті деңгейін орындау және басқа да талаптар кіреді. 2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы талаптар бойынша бұзушылықтарға жол берген жоқ.

Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы (бұдан әрі – «Бағдарлама») шеңберінде алынған қаражат

«ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-нан несиелер жекелеген салалардағы шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі – ШОБ) қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес алынды. «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ мен Топ арасындағы кредиттік келісімге сәйкес, Топ Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОК субъектілеріне 4% маржамен және өтеу мерзімі 10 жылдан аспайтын мөлшерлеме бойынша қарыздар береді. Топтың «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-ға қарызды төлеу жөніндегі міндеттемелері ШОК субъектілеріне берілген қарыздардың қайтарылуына байланысты емес. Топ «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан ақша қаражатын алғаннан кейін 3-9 ай ішінде игерілмеген қарыз сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Топ басшылығы «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан, «ҚДБ» АҚ-дан, «ӨДҚ» АҚ-дан және «АНК» АҚ-дан жылдық 1.0%-12.5% диапазонындағы мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздарға ұқсас қаржы құралдары жоқ деп санайды және қарыз алушылардың – ІКС, ШОК субъектілерінің және жеңілдікпен автокредиттеу шеңберіндегі жеке тұлғалардың қызметінің ерекшелігіне байланысты бұл өнім жеке нарықты құрайды. Осылайша, «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ-дан, «ҚДБ» АҚ-дан, «ӨДҚ» АҚ-дан және «АНК» АҚ-дан жылдық 1.0%-12.5% диапазонындағы мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздар жеке нарықта жүзеге асырылған операциялар болып табылады және тиісінше, танылған күні әділ құнымен есепке алынды.

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-дан 2025-2028 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 13.10%-16.16% мөлшерлемесімен алынған қарыздармен ұсынылған.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-дан 2028 жылы өтеу мерзімімен жылдық 14.75% мөлшерлемесімен 10,462 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына қарыздар алды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ белгіленген өтеу кестелеріне сәйкес жалпы сомасы 9,941 млн теңге (аудиттелмеген) негізгі борыш төлемдерін жылдық 13.10%-16.16% мөлшерлемесімен жүзеге асырды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

19. БАНКТЕР МЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН ҚАРЫЗДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар, жалғасы

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар сомасы 93,840 млн теңге (аудиттелмеген) борыштық бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген (2024 жылғы 31 желтоқсан: 69,494 млн теңге) (15-ескертпе).

Топ халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздардың шарттарын орындау бойынша белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға тиіс. Бұл ковенанттарға міндеттемелердің капиталға қатынасының келісілген коэффициенттері және қаржылық нәтижелердің көрсеткіштері үшін пайдаланылатын өзге де коэффициенттер кіреді. 2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы ковенанттар бойынша бұзушылықтарға жол берген жоқ.

РЕПО келісімдері бойынша алынған қарыздар

2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздарына тиісінше 2025 жылдың қаңтар және шілде айларында өтелген, сомасы 58,357 млн теңге (аудиттелмеген) және 18,270 млн теңге болатын РЕПО келісімдері бойынша алынған қарыздар кірді. РЕПО келісімдері бойынша кепілзат ретінде берілген активтердің әділ құны 2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше 57,725 млн теңгені (аудиттелмеген) және 18,525 млн теңгені құрады (14 және 15-ескертпелер).

Банктердің корреспонденттік шоттары

2025 жылғы 30 маусымда басқа банктерден алынған салымдарға сомасы 105,136 млн теңге (аудиттелмеген) шетелдік банктер ашқан корреспонденттік шоттар және сомасы 11,648 млн теңге (аудиттелмеген) екінші деңгейдегі қазақстандық банктердің шоттары кірді (2024 жылғы 31 желтоқсан: басқа банктерден алынған салымдарға сомасы 110,186 млн теңге шетелдік банктерден алынған корреспонденттік шоттар және сомасы 10,524 млн теңге екінші деңгейдегі қазақстандық банктердің шоттары кірді).

20. КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Клиенттердің қаражаты		
- Бөлшек клиенттер	3,035,922	2,838,383
- Корпоративтік клиенттер	2,402,531	2,552,185
	5,438,453	5,390,568
	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Мерзімді депозиттер	3,913,767	3,690,064
Талап етілгенге дейінгі депозиттер	1,494,712	1,674,253
	5,408,479	5,364,317
Есептелген сыйақы	29,974	26,251
	5,438,453	5,390,568

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтары капиталдың 10%-нан асатын клиенттері жоқ (аудиттелмеген) (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 клиент). Аталған клиенттердің шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 120,904 млн теңгені құрайды.

2025 жылғы 30 маусымда Топ клиенттерінің жалпы сомасы 122,412 млн теңге (аудиттелмеген) депозиттері Топ ұсынған кредиттер мен танылмаған кредиттік құралдар, берілген кепілдіктер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қызмет етеді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 115,693 млн теңге).

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

21. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

	Валюта	Шығарылған күні	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлеме, %	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	Пайыздық мөлшерлеме, %	31 желтоқсан 2024 жыл
Қазақстанда шығарылған облигациялар	Тенге	05/02/2018-13/11/2024	27/12/2025-13/11/2034	8.00-12.00	143,893	8.00-12.00	142,850
	АҚШ доллары	09/08/2024-28/02/25	09/02/2025-30/11/2025		16,603		16,665
					160,496		159,515
Есептелген сыйақы					1,749		1,749
					162,245		161,264

2024 жылғы қарашада Банк Басқармасының шешіміне сәйкес Топ айналыс мерзімі 10 жыл және жылдық купон мөлшерлемесі 8.0% болатын, жалпы номиналды құны 100,000 млн теңге облигацияларды орналастырды. Бұл облигациялар бастапқы тану күнінде 72,114 млн теңге мөлшеріндегі әділ құнымен танылды. Әділ құн жылдық 13.5% нарықтық мөлшерлемені пайдалана отырып, шарттық болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы бағаланды. Бастапқы тану кезінде облигациялардың номиналды және әділ құны арасындағы жалпы сомасы 27,886 млн теңге айырма «Қаржылық міндеттемелерді бастапқы танудан түскен кіріс» бабының құрамында пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте танылды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы облигациялардың баланстық құны 74,036 млн теңгеге (аудиттелмеген) тең (2024 жылғы 31 желтоқсан: 73,351 млн теңге).

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондар әр жарты жыл сайын төленеді, негізгі борыш мерзім соңында өтеледі. Мерзімсіз қаржы құралдары бойынша пайыздарды төлеу күндері жыл сайын 3 наурыз, 3 маусым, 3 қыркүйек және 3 желтоқсан болып табылады.

22. СУБОРДИНАЦИЯЛАНҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР

	Валюта	Шығарылған күні	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлеме, %	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	Пайыздық мөлшерлеме, %	31 желтоқсан 2024 жыл
Бекітілген мөлшерлеме	Тенге	29/09/2015-03/11/2017	29/09/2025-03/11/2032	4.00-10.00	37,818	4.00-10.00	42,233
Есептелген сыйақы					1,350		813
					39,168		43,046

Субординацияланған облигациялар бойынша купондар әр жарты жыл сайын төленуге жатады, негізгі борыш мерзім соңында өтелуге жатады.

Банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасына қатысу

ҚРҰБ-тың 2017 жылғы 10 қазандағы № 191 қаулысымен Банктің Қазақстан Республикасының банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасына (бұдан әрі – «Бағдарлама») қатысуы мақұлданды.

Бағдарлама шарттарына сәйкес, Банк ҚРҰБ-ның еншілес ұйымы «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-дан Шығарылым проспектісінде көзделген шарттарға сәйкес Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын Банктің атаулы купондық субординацияланған облигацияларын (бұдан әрі – «Облигациялар») шығару арқылы ақша қаражатын алды.

Банк өз қызметінде Облигацияларды орналастырған күннен бастап 5 жыл ішінде қолданылатын келесі шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды, олардың кез келгенін бұзу Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастау құқығын іске асыруына әкеп соғады:

- Банк ҚР екінші деңгейдегі банктері үшін уәкілетті орган белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін орындауға міндеттенеді.
- Банк Банк активтерін шығару бойынша іс-әрекеттер жасамауға міндеттенеді; бұл ретте активтерді шығару ретінде қарастырылатын жағдайлардың тізімі Облигациялардың шығарылым проспектісінде келтірілген.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

22. СУБОРДИНАЦИЯЛАНҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР, ЖАЛҒАСЫ

Банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасына қатысу, жалғасы

Осы Бағдарламаға қатысу шеңберінде 2017 жылғы 3 қарашада Банк «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да айналыс мерзімі 15 жыл және жылдық купон мөлшерлемесі 4.00% болатын 60,000 млн теңге сомасына Облигацияларды орналастырды. 15% нарықтық мөлшерлемені пайдаланған кезде Облигацияларды дисконттау нәтижесі, яғни Облигацияларды бастапқы тану сәтінде пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте кіріс түрінде танылған сома 34,993 млн теңгені құрайды.

Банк Басқармасының шешіміне сәйкес, сондай-ақ Облигацияларды шығару шарттарына сәйкес мерзімінен бұрын өтеуге рұқсат алуына байланысты, Топ 2024 жылғы желтоқсанда 20,000 млн теңге мөлшерінде Облигациялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді. Мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде Топ жылдық шоғырландырылған пайда немесе залал туралы есепте «Пайыздық шығыстар» құрамында 9,842 млн теңге сомасына субординацияланған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуден болған залалды таныды.

Банк Басқармасының шешіміне сәйкес, сондай-ақ Облигацияларды шығару шарттарына сәйкес мерзімінен бұрын өтеуге рұқсат алуына байланысты, Топ 2025 жылғы сәуірде 10,000 млн теңге мөлшерінде Облигациялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді. Мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде Топ 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін шоғырландырылған қысқартылған пайда немесе залал туралы есепте «Пайыздық шығыстар» құрамында 4,804 млн теңге (аудиттелмеген) сомасына субординацияланған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуден болған залалды таныды (5-ескертпе).

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Облигациялардың баланстық құны 16,548 млн теңгеге (аудиттелмеген) тең (2024 жылғы 31 желтоқсан: 20,569 млн теңге).

Міндеттемелердегі өзгерістерді және қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарын салыстырып тексеру (аудиттелмеген)

	Міндеттемелер		Жиыны
	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Субординация- ланған облигациялар	
2025 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық	161,264	43,046	204,310
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Борыштық бағалы қағаздарды шығару	16,250	-	16,250
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(16,746)	-	(16,746)
Субординацияланған облигацияларды сатып алу	-	(10,000)	(10,000)
Қаржы қызметінен болған ақша ағымдарына байланысты өзгерістер жиыны	(496)	(10,000)	(10,496)
Басқа өзгерістер	(85)	-	(85)
Пайыздық шығын	9,370	7,408	16,778
Төленген пайыздар	(7,808)	(1,286)	(9,094)
2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қалдық	162,245	39,168	201,413

	Міндеттемелер		Жиыны
	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Субординация- ланған облигациялар	
2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық	70,532	58,587	129,119
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Борыштық бағалы қағаздарды шығару	3,317	-	3,317
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(3,354)	-	(3,354)
Қаржы қызметінен болған ақша ағымдарына байланысты өзгерістер жиыны	(37)	-	(37)
Пайыздық шығын	4,368	3,645	8,013
Төленген пайыздар	(1,148)	(1,512)	(2,660)
2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қалдық	73,715	60,720	134,435

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

23. ӨЗГЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Өзге қаржылық міндеттемелер:		
Жалғасатын қатысудан туындайтын міндеттеме	406,374	409,889
Өзге операциялар бойынша есеп айырысулар	51,657	37,145
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	41,249	36,984
Әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша есеп айырысулар	18,063	14,725
Жалдау бойынша міндеттеме	12,113	2,733
Шығарылған кепілдіктер бойынша міндеттемелер	7,954	5,763
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резервтер	3,567	3,826
Есептелген комиссиялық шығыстар	2,532	2,488
	543,509	513,553
Қысқа мерзімді өзге қаржылық емес міндеттемелер:		
Табыс салығынан басқа, төленуге жататын салықтар	8,624	8,135
Өзге қаржылық емес міндеттемелер	8,295	4,508
Өзге міндеттемелердің жиыны	560,428	526,196

24. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2025 жылғы 7 сәуірде Банктің Директорлар кеңесі 2025 жылғы 15 сәуірден 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Банктің орналастырылған қарапайым акцияларын бір қарапайым акция үшін 2,200 теңге бағасымен 15,900,000 дана мөлшерінде сатып алуды бекітті. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Банк жалпы құны 26,286 млн теңге болатын 11,948,384 дана қарапайым акцияны сатып алды. қарапайым акцияларды сатып алу құны мен олардың номиналды құны арасындағы жалпы сомасы 23,897 млн теңге (аудиттелмеген) айырма Топтың бөлінбеген пайдасын азайтты және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған қысқартылған есепте көрсетілді.

2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) жағдай бойынша Банктің жарғылық капиталы келесідей ұсынылған:

	Шығаруға рұқсат етілген жарғылық капитал	Шығарылмаған жарғылық капитал	Акционерлерден сатып алынған акциялар	Жарғылық капиталдың жиыны
Қарапайым акциялар, дана	1,211,140,611	(1,023,111,576)	(13,563,322)	174,465,713
Артықшылықты акциялар, дана	39,249,255	-	(39,066,615)	182,640

2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) жағдай бойынша Банктің жарғылық капиталы мыналардан тұрды:

	Жарияланған және шығарылған жарғылық капитал	Жарияланған қарапайым акцияларды орналастыру	Меншікті акцияларды (сатып алу)/шығару	Жиыны
Қарапайым акциялар	64,497	-	(3,611)	60,886
Артықшылықты акциялар	1	-	215	216
	64,498	-	(3,396)	61,102

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің жарғылық капиталы келесідей ұсынылған:

	Шығаруға рұқсат етілген жарғылық капитал	Шығарылмаған жарғылық капитал	Акционерлерден сатып алынған акциялар	Жарғылық капиталдың жиыны
Қарапайым акциялар, дана	1,211,140,611	(1,023,111,576)	(1,715,930)	186,313,105
Артықшылықты акциялар, дана	39,249,255	-	(39,021,936)	227,319

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің жарғылық капиталы мыналардан тұрды:

	Жарияланған және шығарылған жарғылық капитал	Жарияланған жай акцияларды орналастыру	Меншікті акцияларды (сатып алу)/шығару	Жиыны
Қарапайым акциялар	64,497	-	(514)	63,983
Артықшылықты акциялар	1	-	129	130
	64,498	-	(385)	64,113

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

25. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Сегменттер туралы ақпарат қызметті бағалау үшін ұсынылған және оны 2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікте келтірілген операциялық сегменттер бойынша ақпаратпен және 8 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес шешім қабылдайтын Топтың басты тұлғасы пайдаланады.

Операциялық сегменттер бойынша ақпарат төменде келтірілген.

	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету (аудиттелмеген)	Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету (аудиттелмеген)	Инвестициялық қызмет (аудиттелмеген)	Сақтандыру қызметі (аудиттелмеген)	Аяқталған алты ай үшін 30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық табыстар	259,117	83,438	89,653	3,427	435,635
Өзге пайыздық кірістер	-	-	5,035	-	5,035
Пайыздық шығындар	(118,140)	(86,104)	(26,121)	-	(230,365)
Пайыздық активтер бойынша кредиттік залалдарға резервтерді қалыптастыру	(36,956)	(7,824)	-	-	(44,780)
Таза пайыздық емес кіріс	11,053	88,417	-	2,773	102,243
Операциялық шығындар	(41,808)	(28,309)	(24,911)	(2,253)	(97,281)
Салық салуға дейінгі пайда	73,266	49,618	43,656	3,947	170,487
Сегменттер бойынша активтер*	2,934,490	2,761,413	1,522,698	49,774	7,268,375
Сегменттер бойынша міндеттемелер*	3,041,250	2,911,912	545,803	45,932	6,544,897
Сегменттер бойынша өзге баптар					
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар	(3,522)	(2,384)	(2,099)	(190)	(8,195)
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	2,879,372	1,146,263	-	-	4,025,635
Клиенттердің қаражаты	3,035,922	2,402,531	-	-	5,438,453
Қарыздар беру жөніндегі қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер	94,303	233,998	-	-	328,301

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

25. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ, ЖАЛҒАСЫ

	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету (аудиттелмеген)	Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету (аудиттелмеген)	Инвестициялық қызмет (аудиттелмеген)	Сақтандыру қызметі (аудиттелмеген)	Аяқталған алты ай үшін 30 маусым 2024 жыл (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық табыстар	192,042	67,785	74,472	-	334,299
Өзге пайыздық кірістер	-	-	2,451	-	2,451
Пайыздық шығындар	(91,532)	(59,077)	(20,614)	-	(171,223)
Пайыздық активтер бойынша кредиттік залалдарға резервтерді қалыптастыру	(19,965)	(15,177)	-	-	(35,142)
Таза пайыздық емес кіріс	9,063	39,946	3,930	1,714	54,653
Операциялық шығындар	(38,909)	(14,536)	(26,156)	(745)	(80,346)
Салық салуға дейінгі пайда	50,699	18,941	34,083	969	104,692
Сегменттер бойынша активтер*	2,356,430	2,394,302	1,052,207	33,556	5,836,495
Сегменттер бойынша міндеттемелер*	2,409,840	2,445,840	440,675	30,955	5,327,310
Сегменттер бойынша өзге баптар					
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар	(3,503)	(500)	(1,775)	(54)	(5,832)
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	2,355,750	1,003,720	-	-	3,359,470
Клиенттердің қаражаты	2,403,700	1,970,651	-	-	4,374,351
Қарыздар беру жөніндегі қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер	95,140	229,160	-	-	324,300

*гудвиллді, ағымдағы және кейінге қалдырылған пайда салығын шегергенде. Табыс салығы бойынша шығыстар бөлінбеген.

Топтың активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған және Топ Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын операциялардан кіріс алады.

Ірі клиенттер туралы ақпарат

2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде есепті сегменттерде әрқайсысымен жасалған операциялар бойынша кірістері Топтың жалпы кірісінің 10%-нан асатын корпоративтік және жеке клиенттер болған жоқ (аудиттелмеген).

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Тәуекелдерді басқару банк қызметінің негізінде жатыр және Топтың операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, сондай-ақ операциялық, құқықтық тәуекел және іскерлік беделді жоғалту тәуекелі Топ өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын негізгі (маңызды) тәуекелдер болып табылады.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау және оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілікті Директорлар кеңесі атқарады. Алайда, тәуекелдерді басқаруға және бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар. Топтағы тәуекелдерді басқару құрылымы 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде айтарлықтай өзгерген жоқ.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша қаражаты ағындарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады.

(і) Валюталық тәуекел

Топтың 2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) жағдай бойынша шетел валютасының айырбастау бағамының ауытқу тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат келесі кестеде ұсынылған:

	Тенге	АҚШ доллары 1 АҚШ долл. = 519.64 теңге	Еуро 1 Евро = 609.23 теңге	Өзге валюта	2025 жылғы 30 маусымдағы жиыны
Қаржылық активтер:					
Ақша қаражаттары және оның баламалары	617,574	398,023	209,006	212,823	1,437,426
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	76,670	45,194	6	26	121,896
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері	663,435	293,013	68,955	-	1,025,403
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	32,527	213,822	39,307	-	285,656
Банктердегі қаражат	5,155	84,587	1	-	89,743
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	3,679,605	330,381	15,511	138	4,025,635
Өзге қаржылық активтер	37,244	4,781	123	1,649	43,797
Барлығы қаржылық активтер	5,112,210	1,369,801	332,909	214,636	7,029,556
Қаржылық міндеттемелер:					
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	231,270	85,327	16,441	11,352	344,390
Клиенттердің қаражаты	3,685,602	1,316,690	302,954	133,207	5,438,453
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	145,642	16,603	-	-	162,245
Субординацияланған облигациялар	39,168	-	-	-	39,168
Өзге қаржылық міндеттемелер	521,179	19,840	1,908	582	543,509
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	4,622,861	1,438,460	321,303	145,141	6,527,765
Ашық позиция	489,349	(68,659)	11,606	69,495	
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының әсері	22,126	(519)	(21,993)	609	
Таза позиция	511,475	(69,178)	(10,387)	70,104	

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(і) Валюталық тәуекел, жалғасы

Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасының айырбастау бағамының ауытқу тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат келесі кестеде ұсынылған:

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ долл. = 525.11 теңге	Евро 1 Евро = 546.74 теңге	Өзге валюта	2024 жылғы 31 желтоқсандағы жиыны
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаттары және оның баламалары	647,235	616,497	239,902	159,991	1,663,625
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	65,324	32,702	-	-	98,026
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері	586,493	246,188	55,772	-	888,453
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	16,776	189,761	10,432	-	216,969
Банктердегі қаражат	5,385	98,012	-	-	103,397
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	3,465,250	378,614	16,420	254	3,860,538
Өзге қаржылық активтер	27,623	4,192	1,559	1,740	35,114
Барлығы қаржылық активтер	4,814,086	1,565,966	324,085	161,985	6,866,122
Қаржылық міндеттемелер:					
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	174,449	108,522	4,074	9,138	296,183
Клиенттердің қаражаты	3,515,637	1,422,093	303,230	149,608	5,390,568
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	144,599	16,665	-	-	161,264
Субординацияланған облигациялар	43,046	-	-	-	43,046
Өзге қаржылық міндеттемелер	494,557	11,427	767	6,802	513,553
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	4,372,288	1,558,707	308,071	165,548	6,404,614
Ашық позиция	441,798	7,259	16,014	(3,563)	
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының әсері	31,541	(31,507)	(1,886)	216	
Таза позиция	473,339	(24,248)	14,128	(3,347)	

Келесі кестеде көрсетілгендей, 2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының келесі валюталарға қатысты әлсіреуі капиталдың және пайданың немесе залалдың төменде сипатталған ұлғаюына (азаюына) әкелер еді. Бұл талдау салықтарды шегеріп жүргізілді және Топтың пікірінше, есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізделген ықтимал болып табылатын валюта бағамдарының өзгеруіне негізделген. Талдау барлық басқа айнымалылар, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады дегенді білдіреді.

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	2024 жылдың 31 желтоқсаны
Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 20%-ға өсуі	(11,068)	(3,880)
Еуро бағамының теңгеге қатысты 20%-ға өсуі	(1,662)	2,260
Өзге валюталар бағамының теңгеге қатысты 20%-ға өсуі	11,217	(536)

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе Топтың контрагентінің міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі.

Есепті күндегі жағдай бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі келесідей ұсынылуы мүмкін.

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және оның баламалары	1,179,167	1,501,401
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	108,180	85,540
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	1,023,571	886,093
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	285,656	216,969
Банктердегі қаражат	89,743	103,397
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	4,025,635	3,860,538
Өзге қаржылық активтер	43,797	35,114
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың жалпы ең жоғары деңгейі	6,755,749	6,689,052

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлануы 17-ескертпеде көрсетілген.

Банк бір қарыз алушыға немесе байланысты қарыз алушылар тобына қатысты Банктің кредиттік тәуекелін реттейтін және қарыз алушының (байланысты қарыз алушылар тобына кіретін қарыз алушылардың) Банк алдындағы міндеттемелерінің жиынтық сомасының Банктің меншікті қаражатына (капиталына) ең жоғары қатынасын айқындайтын бір қарыз алушыға немесе байланысты қарыз алушылар тобына шаққандағы тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің міндетті нормативін тұрақты негізде есептейді және мониторингін жүргізеді. 2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ белгілеген к-3 нормативінің рұқсат етілген ең жоғары мәні 25%-ды құрады. Банк есептеген к-3 нормативінің мәні 2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнамада белгіленген деңгейге сәйкес келді.

2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың кредиттік тәуекелге ұшырауы оларға қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің 10%-нан асатын борышкерлері немесе өзара байланысты борышкерлер топтары жоқ.

(в) Өтімділік тәуекелі

Төменде келтірілген кестелерде қажет болған жағдайда кез келген уақытта сатылуы мүмкін болғандықтан, «талап еткенге дейін және 1 айға дейін» санатына жатқызылған, пайда немесе залал арқылы көрсетілетін қаржылық активтерді және өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын инвестициялық қаржылық активтерді қоспағанда, баланс күнінен бастап өтеу күніне дейінгі қалған кезең қағидаты бойынша топтастырылған қаржылық активтер мен міндеттемелерді талдау ұсынылған.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

	Орташа сараланған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан аса	2025 жылғы 30 маусымдағы жиыны
2025 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)							
Қаржылық активтер							
Ақша қаражаттары және оның баламалары	12.53%	651,129	-	-	-	-	651,129
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	10.84%	108,180	-	-	-	-	108,180
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері	8.30%	1,023,571	-	-	-	-	1,023,571
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	5.50%	148,367	864	19,968	115,402	1,055	285,656
Банктердегі қаражат	5.08%	10	27,031	-	-	-	27,041
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	19.42%	172,774	262,121	712,239	1,749,201	1,129,300	4,025,635
Бойынша пайыздар есептелетін активтердің жиыны		2,104,031	290,016	732,207	1,864,603	1,130,355	6,121,212
Ақша қаражаттары және оның баламалары		786,297	-	-	-	-	786,297
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары		13,716	-	-	-	-	13,716
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері		1,832	-	-	-	-	1,832
Банктердегі қаражат		32,402	-	-	-	30,300	62,702
Өзге қаржылық активтер		28,696	9,532	5,569	-	-	43,797
Барлығы қаржылық активтер		2,966,974	299,548	737,776	1,864,603	1,160,655	7,029,556
Қаржылық міндеттемелер							
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	8.65%	58,454	4,132	18,575	74,769	71,676	227,606
Клиенттердің қаражаты	11.73%	615,199	1,030,761	1,889,190	367,586	16,613	3,919,349
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	12.13%	-	483	69,138	19,715	72,909	162,245
Субординацияланған облигациялар	12.95%	-	22,619	791	-	15,758	39,168
Өзге қаржылық міндеттемелер	4.02%	3,075	3,129	14,528	88,789	296,853	406,374
Бойынша пайыздар есептелетін міндеттемелердің жиыны		676,728	1,061,124	1,992,222	550,859	473,809	4,754,742
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары		116,784	-	-	-	-	116,784
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер		213	-	-	-	-	213
Клиенттердің қаражаты		1,506,389	137	8,109	3,331	1,138	1,519,104
Өзге қаржылық міндеттемелер		137,135	-	-	-	-	137,135
Қаржылық міндеттемелердің жиыны		2,437,249	1,061,261	2,000,331	554,190	474,947	6,527,978
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма		529,725	(761,713)	(1,262,555)	1,310,413	685,708	
Бойынша пайыздар есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма		1,427,303	(771,108)	(1,260,015)	1,313,744	656,546	
Бойынша пайыздар есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма, өспелі жиынмен		1,427,303	656,195	(603,820)	709,924	1,366,470	
Бойынша пайыздар есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма, бойынша пайыздар есептелетін активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі жиынмен		23.32%	10.72%	(9.86%)	11.60%	22.32%	

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

	Орташа сараланған түімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан аса	2024 жылғы 31 желтоқсандағы жиыны
31 желтоқсан 2024 жыл							
Қаржылық активтер							
Ақша қаражаттары және оның баламалары	11.35%	798,763	33,083	-	-	-	831,846
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	10.39%	85,540	-	-	-	-	85,540
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері	8.13%	886,093	-	-	-	-	886,093
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	5.25%	10,369	4,131	142,142	59,280	1,047	216,969
Банктердегі қаражат	5.08%	580	13,127	26,256	-	-	39,963
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	18.97%	264,646	232,208	623,421	1,633,806	1,106,457	3,860,538
Бойынша пайыздар есептелетін активтердің жиыны		2,045,991	282,549	791,819	1,693,086	1,107,504	5,920,949
Ақша қаражаттары және оның баламалары		831,779	-	-	-	-	831,779
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары		12,486	-	-	-	-	12,486
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері		2,360	-	-	-	-	2,360
Банктердегі қаражат		38,240	3,704	-	-	21,490	63,434
Өзге қаржылық активтер		35,114	-	-	-	-	35,114
Барлығы қаржылық активтер		2,965,970	286,253	791,819	1,693,086	1,128,994	6,866,122
Қаржылық міндеттемелер							
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	7.19%	18,496	5,674	10,956	69,544	70,793	175,463
Клиенттердің қаражаты	10.91%	527,086	1,003,338	1,611,563	473,730	12,261	3,627,978
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11.63%	-	17,148	52,125	19,707	72,284	161,264
Субординацияланған облигациялар	13.18%	-	560	22,170	-	20,316	43,046
Өзге қаржылық міндеттемелер	3.80%	4,077	3,070	14,280	87,724	300,738	409,889
Бойынша пайыздар есептелетін міндеттемелердің жиыны		549,659	1,029,790	1,711,094	650,705	476,392	4,417,640
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары		120,710	-	-	10	-	120,720
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер		1,413	-	-	-	-	1,413
Клиенттердің қаражаты		1,697,391	449	34,739	24,371	5,640	1,762,590
Өзге қаржылық міндеттемелер		103,664	-	-	-	-	103,664
Қаржылық міндеттемелердің жиыны		2,472,837	1,030,239	1,745,833	675,086	482,032	6,406,027
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма		493,133	(743,986)	(954,014)	1,018,000	646,962	
Бойынша пайыздар есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма		1,496,332	(747,241)	(919,275)	1,042,381	631,112	
Бойынша пайыздар есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма, өспелі жиынмен		1,496,332	749,091	(170,184)	872,197	1,503,309	
Бойынша пайыздар есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма, бойынша пайыздар есептелетін активтердің жалпы сомасына пайызбен, өспелі жиынмен		25.27%	12.65%	(2.87%)	14.73%	25.39%	

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ, ЖАЛҒАСЫ

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді депозиттерін банктен кез келген уақытта алуға құқылы, бұл ретте көп жағдайда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Бұл депозиттер шарттарда белгіленген өтеу мерзімдеріне сүйене отырып ұсынылды.

Дегенмен, Басшылық мерзімінен бұрын алу опциясының болуына және салымдардың едәуір бөлігінің талап етілгенге дейінгі шоттар болып табылатындығына қарамастан, осы шоттар мен депозиттердің салымшылардың саны мен түрлері бойынша әртараптандырылуы және Топтың өткен тәжірибесі осы шоттардың ұзақ мерзімді және тұрақты қаржыландыру көзі екендігінің белгісі болып табылады деп санайды.

Басшылық белгілі бір қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша қаражаты ағындарының қозғалысы шарттарда белгіленгеннен өзгеше болуы мүмкін деп күтеді, өйткені Басшылық ақша қаражаты ағындарының қозғалысын басқаруға уәкілетті немесе өткен тәжірибе осы қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының қозғалыс мерзімдері шарттарда белгіленген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін екенін көрсетеді.

27. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚРҰБ Банктің капитал деңгейіне қойылатын талаптардың орындалуын белгілейді және бақылайды.

Банк капитал ретінде заңнамаға сәйкес кредиттік ұйымдардың капиталын құрайтын баптар ретінде анықталған баптарды айқындайды:

- 1-деңгейдегі капитал негізгі капитал мен қосымша капиталдың сомасы болып табылады. Негізгі капитал төленген қарапайым акциялардың, қосымша төленген капиталдың, ағымдағы жылдың және өткен жылдардың бөлінбеген пайдасының және оларға қарсы құрылған резервтердің сомасы ретінде есептеледі, одан меншікті сатып алынған қарапайым акциялар, материалдық емес активтер, гудвиллді қоса алғанда, өткен жылдардың залалдары мен ағымдағы жылдың залалдары, шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді шегергендегі кейінге қалдырылған салық активі, өзге де қайта бағалау бойынша резервтер, активтерді секьюритизациялау жөніндегі транзакцияларға байланысты сатудан түскен кірістер, осындай міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер немесе залалдар, қосымша капиталдан шегерілуге жататын, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеушілік түзетулер және Топтың қаржылық есептілігін жасау кезінде қаржылық есептілігі шоғырландырылатын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына салынған инвестициялар, кейбір шектеулермен шегеріледі. Қосымша капиталға мерзімсіз шарттар мен төленген артықшылықты акциялар кіреді, одан Банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына инвестицияларын түзетулер, меншікті сатып алынған артықшылықты акциялар, Топтың қаржылық есептілігін жасау кезінде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына инвестициялар, кейбір шектеулермен, және екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуге жататын, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеушілік түзетулер шегеріледі.
- 2-деңгейдегі капитал банктің шығарылған акцияларының он немесе одан да көп пайызына ие қаржы ұйымдарының субординацияланған борышына салынған инвестицияларды шегергендегі теңгемен көрсетілген субординацияланған борыш сомасы ретінде есептеледі.

Жалпы капитал 1-деңгейдегі капитал мен 2-деңгейдегі капиталдың сомасы болып табылады.

Жоғарыда аталған жалпы капитал элементтеріне қатысты бірқатар түрлі шектеулер мен жіктеу өлшемшарттары бар.

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес, Банк жалпы капиталдың жеткіліктілігін келесі коэффициенттер деңгейінде ұстап тұруға міндетті:

- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің және операциялық тәуекелдің сандық өлшемінің (k1) сомасына негізгі капиталдың қатынасы;

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

27. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің және операциялық тәуекелдің сандық өлшемінің (k1-2) сомасына 1-деңгейдегі капиталдың қатынасы;
- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің және операциялық тәуекелдің сандық өлшемінің (k2) сомасына жалпы капиталдың қатынасы.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Банкке қолданылатын коэффициенттердің ең төменгі деңгейі келесідей (аудиттелмеген):

- k1 - кемінде 0.095 (2024 жылғы 31 желтоқсан: 0.095);
- k1-2 - кемінде 0.105 (2024 жылғы 31 желтоқсан: 0.105);
- k2 - кемінде 0.12 (2024 жылғы 31 желтоқсан: 0.12).

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Банк k1, k1-2 және k2 капиталдандырудың барлық пруденциалдық нормативтерін орындады, осы коэффициенттердің нақты мәндері тиісінше 0.176, 0.176 және 0.184 құрады (аудиттелмеген) (2024 жылғы 31 желтоқсан: k1 - 0.166, k1-2 - 0.166 және k2 - 0.178).

Төмендегі кестеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі №170 «Банктің капитал мөлшерінің пруденциалдық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және есептеу әдістемелерін және ашық валюталық позицияның лимиттері мен есептеу қағидаларын белгілеу туралы» қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес есептелген, 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Банк капиталының құрамына талдау көрсетілген.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

27. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
1-деңгейдегі капитал		
Негізгі капитал:		
Акционерлік капитал	65,648	65,648
Нормативтік талаптарға сәйкес есептелген алдыңғы жылдардағы бөлінбеген пайда	528,327	356,431
Ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы	137,366	195,793
Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда есебінен қалыптастырылған резервтер	4,981	4,981
Ғимараттарды оң қайта бағалау	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	(32,796)	1,300
Реттеушілік түзетулер:		
Материалдық емес активтер	(20,822)	(19,754)
Негізгі капиталдың жиыны	682,704	604,399
Қосымша капитал:		
Негізгі капитал өлшемшарттарына сәйкес келмейтін, төленген артықшылықты акциялар нысанындағы капитал	11,775	11,775
Банктің меншікті сатып алған артықшылықты акциялары	(11,686)	(11,686)
1-деңгейдегі капитал	682,793	604,488
2-деңгейдегі капитал		
Субординацияланған борыш	41,089	43,267
2-деңгейдегі капиталдың жиыны	41,089	43,267
Барлық капитал	723,882	647,755
Нормативтік белгіленген кредиттік залалдар бойынша резервтер мен ҚЕХС-ке сәйкес кредиттік залалдар бойынша резерв арасындағы оң айырма	-	-
Тәуекелді ескере отырып сараланған активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары, және операциялық тәуекел		
Несиелік тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған активтер	3,349,030	3,213,766
Несие тәуекелі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелер	190,070	182,118
Нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал активтер мен міндеттемелер	74,734	81,494
Операциялық тәуекел	252,835	159,035
Тәуекелді ескере отырып сараланған активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары, және операциялық тәуекел	3,866,669	3,636,413
k1	0.176	0.166
k1-2	0.176	0.166
k2	0.184	0.178

28. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың кредиттік ресурстарды ұсыну бойынша міндеттемелері бар. Бұл міндеттемелер мақұлданған кредит, кредиттік карталар бойынша лимиттер, сондай-ақ овердрафт түрінде кредиттік ресурстар беруді көздейді.

Топ өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер береді және аккредитивтер ашады. Аталған келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және әдетте бес жылға дейінгі мерзімге жасалады.

Топ қаржылық кепілдіктерді, баланстан тыс кредиттік міндеттемелерді және аккредитивтерді ұсыну кезінде клиенттерге қарыз беру кезіндегідей тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін қолданады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

28. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шарттық сомалары келесі кестеде санаттар бойынша көрсетілген. Кепілдіктер мен аккредитивтер бөлігінде кестеде көрсетілген сомалар, егер контрагенттер шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, есепті күндегі жағдай бойынша көрсетілетін бухгалтерлік залалдың ең жоғары мөлшерін білдіреді.

2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша номиналды сомалар немесе шарттарға сәйкес сомалар және тәуекел бойынша өлшенген сомалар:

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)		31 желтоқсан 2024 жыл Тәуекелді ескере отырып сараланған сома*	
	Номиналды сома	Тәуекел бойынша сараланған сома*	Номиналды сома	Тәуекелді ескере отырып сараланған сома*
Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер	210,379	171,468	211,893	174,700
Кредиттік карталар бойынша міндеттемелер	94,303	18,861	98,487	19,697
Аккредитивтер және басқа операцияларға қатысты өзге де шартты міндеттемелер	23,619	4,724	12,626	2,525
	328,301	195,053	323,006	196,922

*Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер 38,911 млн теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі ақшалай қамтамасыз етуді шегергенде көрсетілген (2024 жылғы 31 желтоқсан: 37,193 млн теңге); кредиттік карталар мен аккредитивтер бойынша міндеттемелер номиналды соманың 20% мөлшерінде.

Басшылық кредиттер мен кредиттік желілер бойынша міндеттемелер қажетті мөлшерде ағымдағы кредиттік портфельді өтеу кестелеріне сәйкес өтеуден алынған сомалар есебінен қаржыландырылады деп күтеді.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 206,654 млн теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі берілген кепілдіктер және 93,851 млн теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі кредиттік карталар бойынша міндеттемелер кредиттік тәуекелдің 1-сатысына жатқызылды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 209,686 млн теңге және 97,987 млн теңге), 2,088 млн теңге және 143 млн теңге (аудиттелмеген) кредиттік тәуекелдің 2-сатысына жатқызылды (2024 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 155 млн теңге және 156 млн теңге), 1,637 млн теңге (аудиттелмеген) және 309 млн теңге (аудиттелмеген) кредиттік тәуекелдің 3-сатысына жатқызылды (2024 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 2,052 млн теңге және 344 млн теңге). 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтің таза ұлғаюы 1,065 млн теңгені (аудиттелмеген) құрады (2024 жылғы 30 маусым: таза азаюы – 1,748 млн теңге).

Төмендегі кестеде кепілзаттың әділ құны емес, кепілзаттың әртүрлі түрлерімен қамтамасыз етілген берілген кепілдіктер мен басқа да ұқсас міндеттемелер келтірілген:

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Жылжымайтын мүлік	57,067	54,608
Қолма-қол ақша	38,911	37,193
Кепілзатсыз	27,113	16,837
Корпоративтік кепілдіктер	17,661	50,727
Жылжымалы мүлік	2,976	3,465
Айналымдағы тауарлар	2,918	1,422
Өзге	63,733	47,641
Жиыны	210,379	211,893

Төмендегі кестеде кепілзаттың әділ құны емес, кепілзаттың әртүрлі түрлерімен қамтамасыз етілген аккредитивтер мен басқа операцияларға қатысты өзге де шартты міндеттемелер келтірілген:

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Қолма-қол ақша	17,386	9,366
Кепілзатсыз	544	-
Жылжымайтын мүлік	-	2,134
Өзге	5,689	1,126
Жиыны	23,619	12,626

Көрсетілген міндеттемелер олардың ішінара немесе толық орындалуынсыз тоқтатылуы мүмкін. Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген міндеттемелер күтілетін ақша қаражатының шығынын білдірмейді.

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

29. КАСТОДИАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Топ жеке тұлғаларға, траст компанияларына, зейнетақы қорларына және басқа да ұйымдарға кастодиалдық қызмет көрсетеді, атап айтқанда, клиенттің нұсқауларына сәйкес активтерді есепке алады және сақтайды немесе клиенттердің әртүрлі қаржы құралдарымен жасалған мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүргізеді. Топ осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Кастодиалдық сақтауға алынған активтер Топтың активтері болып табылмайды және тиісінше, оның шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық жағдай туралы есебінде көрсетілмейді. Топ көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде кредиттік тәуекелге ұшырамайды, себебі ол көрсетілген инвестициялар бойынша кепілдіктер бермейді.

Фидуциарлық активтер номиналды құны бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 жыл
Бағалы кағаздар	466,576	424,454
Ғимараттарға, машиналарға, жабдықтарға, көліктерге және басқа да мүліктерге салынған инвестициялар	6,443	6,443
Өзара қорлардың бірліктері	55	47
Жалпы фидуциарлық активтер	473,074	430,944

Топ активтерді басқаратын инвестициялық қорлардың және өзге де заңды тұлғалардың активтері мен қызметінің нәтижелеріне қатысты есепке алуды жүргізеді және есептілікті жасайды, олардың активтерімен операциялар жүргізеді, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ҚРҰБ қағидаларының талаптарына сәйкес қызмет көрсетілетін активтерге қатысты басқарушы компаниямен салыстырып тексерулер жүргізеді.

30. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әлі қолжетімсіз. Топ ғимараттар мен жабдықты, қызметінің уақытша тоқтатылуын немесе Топтың мүлігін пайдалану нәтижесінде келтірілген мүлдікті немесе экологиялық зиян бөлігінде үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты немесе Топ қызметіне қатысты өзге жағдайда толық сақтандыру жүргізген жоқ. Топ өз қызметін тиісті деңгейде сақтандырмайынша, жұмсалған шығындар немесе белгілі бір активтерден айырылып қалу Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін деген тәуекел болады.

(б) Соттың істі қарауы

Нарықта өзінің қалыпты қызметін жүзеге асыру процесінде Топ заңды талаптардың әртүрлі түрлеріне тап болады. Басшылық сот талқылауларының нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің (егер ондайлар болса) түпкілікті шамасы Топтың қаржылық жағдайына немесе одан әрі қызметіне елеулі теріс әсер етпейді деп санайды.

(в) Қазақстандағы шартты салықтық міндеттемелер

Салыстырмалы түрде жаңа болып табылатын Қазақстанның салық жүйесі заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, олар көбінесе нақты емес және қайшылықты баяндалады, бұл оларды әртүрлі салық органдарының, соның ішінде ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің басқа да баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қосқанда, бір мәнді емес түсіндіруіне жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулермен және тергеулермен ірі айыппұлдар салуға және пайыздарды өндіріп алуға құқығы бар түрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Есеп берілетін кезеңде салықтардың дұрыс есептелуін соңғы бес күнгізбелік жыл ішінде тексеруге болады, бірақ белгілі бір жағдайларда бұл уақыт ұзартылуы мүмкін.

Бұл мән-жайлар Қазақстанда салық тәуекелдерінің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына әкелуі мүмкін. Топ Басшылығы, қолданыстағы салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өзінің ұғынуы тұрғысынан бастама ала отырып, салық міндеттемелері толық мөлшерде көрсетілген деп есептейді. Алайда, осы ережелерді тиісті органдардың түсіндіруі басқаша болуы мүмкін және егер олар өз ұстанымдарының заңдылығын дәлелдей алса, бұл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

31. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖІКТЕМЕЛЕРІ

(а) Есептің жіктелуі және әділ құны

Келесі кесте 2025 жылғы 30 маусымдағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құны мен әділ құнын көрсетеді (аудиттелмеген):

	Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатындар	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатындар	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатындар	Барлық баланстық құн	Әділ құн
Ақша қаражаттары және оның баламалары	-	-	1,437,426	1,437,426	1,437,426
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	121,896	-	-	121,896	121,896
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері	-	1,025,403	-	1,025,403	1,025,403
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	-	285,656	285,656	278,150
Банктердегі қаражат	-	-	89,743	89,743	89,743
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	-	-	4,025,635	4,025,635	4,024,390
Өзге қаржылық активтер	-	-	43,797	43,797	43,797
	121,896	1,025,403	5,882,257	7,029,556	7,020,805
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	-	-	344,390	344,390	344,390
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер	213	-	-	213	213
Клиенттердің қаражаты	-	-	5,438,453	5,438,453	5,437,986
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	162,245	162,245	158,805
Субординацияланған облигациялар	-	-	39,168	39,168	38,749
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	-	543,509	543,509	543,509
	213	-	6,527,765	6,527,978	6,523,652

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

31. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖІКТЕМЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Әділ құн және бухгалтерлік есеп жіктемелері, жалғасы

Келесі кесте 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатындар	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатындар	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатындар	Барлық баланстық құн	Әділ құн
Ақша қаражаттары және оның баламалары	-	-	1,663,625	1,663,625	1,663,625
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	98,026	-	-	98,026	98,026
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері	-	888,453	-	888,453	888,453
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	-	216,969	216,969	216,493
Банктердегі қаражат	-	-	103,397	103,397	103,397
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	-	-	3,860,538	3,860,538	3,868,975
Өзге қаржылық активтер	-	-	35,114	35,114	35,114
	98,026	888,453	5,879,643	6,866,122	6,874,083
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	-	-	296,183	296,183	296,183
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер	1,413	-	-	1,413	1,413
Клиенттердің қаражаты	-	-	5,390,568	5,390,568	5,381,766
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	161,264	161,264	151,285
Субординацияланған облигациялар	-	-	43,046	43,046	41,890
Өзге қаржылық міндеттемелер	-	-	513,553	513,553	513,553
	1,413	-	6,404,614	6,406,027	6,386,090

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

31. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖІКТЕМЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Әділ құн және бухгалтерлік есеп жіктемелері, жалғасы

Әділ құнды бағалау активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайында міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны анықтауға бағытталған.

Дегенмен, белгісіздік факторын, сондай-ақ пайдаланылған пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, әділ құн активтер дереу іске асырылатын және міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы керек.

Белсенді нарықта айналымдағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Топ бағалаудың басқа әдістерін қолдана отырып, топтың барлық басқа қаржы құралдарының әділ құнын анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты активтерді сату немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операцияның бағасын көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне қол жеткізу болып табылады.

Бағалау әдістері ағымдағы таза келтірілген құнды бағалау және ақша қаражатының ағындарын дисконттау модельдерін және нарықтық баға белгіленімдері белгілі ұқсас құралдармен салыстыруды қамтиды. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдаулар мен деректерге тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемелері, кредиттік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемелерін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулер, акциялар мен облигациялардың баға белгіленімдері және валюта бағамдары кіреді. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары анықтайтын есепті күндегі жағдай бойынша қаржы құралының құнын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Топ тек жалпыға қолжетімді нарықтық деректерді пайдаланатын және басшылықтың пайымдауларын немесе бағалауларын талап етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандартты және неғұрлым қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кеңінен танылған бағалау модельдерін пайдаланады. Бақыланатын баға ұсыныстары мен модельдердің бастапқы деректері әдетте нарықта айналымдағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржада айналымдағы туынды құралдар және пайыздық айырбастар сияқты қарапайым биржадан тыс қаржы құралдары үшін қол жетімді.

Неғұрлым күрделі құралдар үшін Топ меншікті бағалау модельдерін пайдаланады. Осы модельдерде қолданылатын кейбір немесе барлық маңызды деректер жалпыға қол жетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық баға белгілеулерден немесе мөлшерлемелерден немесе пайымдаулар негізінде қалыптасқан бағалардан туындауы мүмкін. Бағалауы бақыланбайтын нарықтық деректерді пайдалануға негізделген құралдардың мысалы ретінде белсенді нарығы жоқ кейбір қарыздар мен бағалы қағаздар қызмет ете алады.

Басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін келесі болжамдарды пайдаланады:

- корпоративтік клиенттерге берілген қарыздар және бөлшек клиенттерге берілген кредиттер бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін келесі дисконттау мөлшерлемелері пайдаланылды:
 - АҚШ долларындағы корпоративтік клиенттерге берілген қарыздар бойынша – жылдық 6.65% (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 6.06%); теңгемен – жылдық 23.15% (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 21.87%);
 - теңгедегі бөлшек клиенттерге берілген қарыздар бойынша – жылдық 22.59%-35.8% (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 20.91%-34.91%).
- «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу және «Баспана-Хит» ипотекасы бағдарламалары шеңберінде берілген қарыздар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін жылдық 7.0%-дан 14.64%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері (аудиттелмеген) пайдаланылады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 7.0%-дан 14.64%-ға дейін). Банк осы мемлекеттік бағдарлама үшін нарықтың жеке сегментінің болуы туралы болжамды қабылдай отырып, болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін номиналды мөлшерлемелерді қолданады.
- АҚШ долларымен және теңгемен көрсетілген корпоративтік және бөлшек клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша болжамды болашақ ақша ағындарын есептеу үшін келесі дисконттау мөлшерлемелері пайдаланылды:
 - АҚШ долларындағы корпоративтік клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша – жылдық 2.8% (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 2.6%); теңгемен – 15.4% (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 14%);
 - бөлшек клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша АҚШ долларымен – жылдық 0.9% (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 0.9%); теңгемен – 14.2% (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 13.2%)

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

31. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖІКТЕМЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Әділ құн және бухгалтерлік есеп жіктемелері, жалғасы

- шығарылған борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын анықтау үшін бағаланатын нарықтық құн пайдаланылады.

Әділ құнды бағалау қаржылық құралды жақсы хабардар, іс жүзінде осындай мәмілені жасауды қалайтын және бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін нақты құнды ең дәлірек анықтауға бағытталған үдеріс. Дегенмен, белгісіздік факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, әділ құнды активтер дереу сатылуы, ал міндеттемелер өтелуі мүмкін құн ретінде қарамау керек.

(б) Әділ құнын бағалау иерархиясы

Топ шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнын, көрсетілген бағалауларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің маңыздылығын ескеретін келесі әділ құнды бағалау иерархиясын пайдалана отырып бағалайды:

- 1-деңгей: Бірдей қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: Тікелей (яғни баға белгіленімдері) немесе жанама (яғни баға белгіленімдерінен туындайтын деректер) қолжетімді нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа: белсенді нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгіленімдерін, белсенді ретінде қаралмайтын нарықтардағы бірдей немесе ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгіленімдерін немесе пайдаланылатын барлық деректері тікелей немесе жанама түрде бақыланатын нарықтық деректерге негізделетін басқа да бағалау әдістерін пайдалана отырып бағаланатын құралдар кіреді.
- 3-деңгей: Бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар кіреді, мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға айтарлықтай әсер етеді. Бұл санатқа ұқсас құралдарға арналған баға белгілеулер негізінде бағаланатын құралдар кіреді, оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін елеулі бақыланбайтын түзетулерді немесе пайымдауларды пайдалану талап етіледі.

Келесі кестеде 2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) жағдай бойынша әділ құнымен көрсетілетін қаржы құралдарына әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде талдау келтірілген.

	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Активтер				
Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - борыштық бағалы қағаздар	31,471	76,709	-	108,180
Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - үлестік бағалы қағаздар	6,374	7,342	-	13,716
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер - борыштық қаржы құралдары	351,904	666,658	5,009	1,023,571
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер - үлестік қаржы құралдары	1,360	472	-	1,832
	391,109	751,181	5,009	1,147,299
Міндеттемелер				
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер - валюталық своп	-	213	-	213

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

31. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖІКТЕМЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнымен көрсетілетін қаржы құралдарына әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде талдау келтірілген:

	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Активтер				
Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - борыштық бағалы қағаздар	16,380	69,160	-	85,540
Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды емес қаржы құралдары - үлестік бағалы қағаздар	6,621	5,865	-	12,486
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер - борыштық қаржы құралдары	288,670	589,121	8,302	886,093
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер - үлестік қаржы құралдары	1,910	450	-	2,360
	313,581	664,596	8,302	986,479
Міндеттемелер				
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер - валюталық своп	-	1,413	-	1,413

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалауға қатысты салыстырып тексеру ұсынылған:

	2025 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
Кезең басындағы қалдық	8,302	6,255
Таза пайыздық кіріс	123	599
Алынған пайыз	(23)	(147)
Өтеу	(4,131)	-
Әділ құнның өзгеруінен түскен таза кірістер	738	677
Кезең соңындағы қалдық	5,009	7,384

Келесі кестеде, басқа барлық айнымалы көрсеткіштер өзгеріссіз қалады деген болжамға сүйене отырып, Топ есепті күндегі жағдай бойынша негізді түрде ықтимал деп санайтын бақыланбайтын деректердегі өзгерістерге сезімталдықты талдаумен қатар, 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған таза активтердің әділ құнын бағалау үшін жыл соңындағы жағдай бойынша пайдаланылған маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат ұсынылған.

	Қаржылық активтердің әділ құны, млн теңге	Бағалау әдісі	Елеулі бақыланбайтын деректер	Негізделген ауытқу	Әділ құнның бақыланбайтын деректерге сезімталдығын талдау
30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)	5,009	Бағалы қағаздар дерекқорының колма-кол баға әдісі	Сұраныс пен ұсыныс арасындағы спрэдтер	+/-10.0%	501

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

31. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР: ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖІКТЕМЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Бастапқы тану кезіндегі бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырмашылықтар

Көп жағдайда бағалау әдістері негізделген барлық елеулі бастапқы деректер толығымен қолжетімді болып табылады, мысалы, валюта нарығындағы ұқсас мәмілелер бойынша ақпаратқа сүйене отырып. Барлық бастапқы деректер бақыланбайтын жағдайларда, мысалы, есепті күнге ұқсас тәуекел сипаттамалары бар бақыланатын мәмілелердің болмауына байланысты, Топ тек бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген бағалау әдістерін пайдаланады, мысалы, негізінде жатқан белгілі бір қаржы құралдарының құбылмалылығы, мәмілелердің қолданылуын тоқтату кезеңдеріне қатысты күтулер. Егер бастапқы тану кезінде әділ құн белсенді нарықтағы баға белгіленімдерімен расталмаса немесе тек бақыланатын бастапқы деректерді пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмесе, бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы кез келген айырма пайда немесе залал құрамында дереу көрсетілмейді, ал болашақ кезеңдерге көшіріледі.

Топ өзінің әділ құн бағалауларын барабар деп санаса да, әртүрлі әдістемелер мен пайымдауларды пайдалану әртүрлі әділ құн бағалауларына әкелуі мүмкін.

Келесі кестеде 2025 жылғы 30 маусымдағы (аудиттелмеген) жағдай бойынша әділ құнымен бағаланбайтын қаржы құралдарына әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде, оған әділ құнды бағалау жатқызылған, талдау келтірілген.

	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құны барлығы	Барлық баланстық құн
Активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	1,437,426	-	1,437,426	1,437,426
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	278,150	-	278,150	285,656
Банктердегі қаражат	89,743	-	89,743	89,743
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	3,977,808	46,582	4,024,390	4,025,635
Өзге қаржылық активтер	43,797	-	43,797	43,797
Міндеттемелер				
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	344,390	-	344,390	344,390
Клиенттердің қаражаты	5,437,986	-	5,437,986	5,438,453
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	158,805	-	158,805	162,245
Субординацияланған облигациялар	38,749	-	38,749	39,168
Өзге қаржылық міндеттемелер	543,509	-	543,509	543,509

Келесі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері қимасындағы 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарына талдау ұсынылған:

	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құны барлығы	Барлық баланстық құн
Активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	1,663,625	-	1,663,625	1,663,625
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	216,493	-	216,493	216,969
Банктердегі қаражат	103,397	-	103,397	103,397
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар	3,819,155	49,820	3,868,975	3,860,538
Өзге қаржылық активтер	35,114	-	35,114	35,114
Міндеттемелер				
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен қарыздары	296,183	-	296,183	296,183
Клиенттердің қаражаты	5,381,766	-	5,381,766	5,390,568
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	151,285	-	151,285	161,264
Субординацияланған облигациялар	41,890	-	41,890	43,046
Өзге қаржылық міндеттемелер	513,553	-	513,553	513,553

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байсеитов Б.Р. мырза Топты түпкілікті бақылауды жүзеге асырады.

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастыру кезінде тек заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастың мазмұнына ерекше назар аударылады. Банктің байланысты тараптары болып табылатын Банк пен еншілес компаниялар арасындағы операциялар шоғырландыру кезінде алынып тасталады және осы ескертпеде ашылмайды. Топтың байланысты тараптармен операциялары туралы ақпарат төменде берілген.

	30 маусым 2025 жыл (аудиттелмеген)		31 желтоқсан 2024 жыл	
	Байланысты тараптармен операциялар	Орташа номиналды пайыздық мөлшерлеме	Байланысты тараптармен операциялар	Орташа номиналды пайыздық мөлшерлеме
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар, брутто	27,894	-	28,873	-
- Топтың негізгі басқарушы персоналы	74	17.36%	86	16.14%
- теңгемен				
- негізгі басқарушы персоналдың жақын туыстары	23	3.61%	24	3.60%
- теңгемен				
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	26,891	5.00%	27,815	5.00%
- АҚШ долларымен	906	18.35%	948	18.00%
- теңгемен				
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар бойынша залалдарға арналған резерв	(26,645)	-	(27,815)	-
- Топтың негізгі басқарушы персоналы	(1)		-	
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	(26,644)		(27,815)	
Клиенттердің қаражаты	7,265	-	5,598	-
- Топтың негізгі басқарушы персоналы				
- теңгемен	2,959	13.11%	796	13.16%
- АҚШ долларымен	1,052	0.72%	827	0.75%
- басқа валюталарда	265	0.5%	99	0.01%
- негізгі басқарушы персоналдың жақын туыстары				
- теңгемен	1,141	14.67%	1,097	13.89%
- АҚШ долларымен	400	0.72%	339	0.56%
- басқа валюталарда	19	0.04%	23	0.06%
- өзге				
- теңгемен	1,426	13.24%	883	11.77%
- АҚШ долларымен	-	-	1,524	1.75%
- басқа валюталарда	3	-	10	-

Кепілдендірілген және кепілдендірілмеген қарыздар мен кепілдіктер негізгі басқарушы қызметкерлер құрамына және басқа да байланысты тараптарға қалыпты қызмет барысында беріледі. Бұл қарыздар негізінен ұқсас жағдайдағы тұлғалармен немесе, егер қолданылса, басқа компаниялармен және қызметкерлермен жасалатын басқа да ұқсас мәмілелердегідей, пайыздық мөлшерлемелерді қоса алғанда, сол шарттармен беріледі. Бұл қарыздардың әдеттегіден артық кредиттік тәуекелі немесе басқа да қолайсыз шарттары жоқ.

Негізгі басқарушы персоналдың және басқа да байланысты тараптардың депозиттері бойынша пайыздар нарықта ұсынылатын сол мөлшерлемелер бойынша немесе Топ ішіндегі басқа қызметкерлерге ұсынылатын шарттармен есептеледі.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (егер өзгеше көрсетілмесе, миллиондаған қазақстандық теңгемен)

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР, ЖАЛҒАСЫ

2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы шоғырландырылған аралық қысқартылған пайда мен залал туралы есепте байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілді.

	Аяқталған алты ай үшін 2025 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	Аяқталған алты ай үшін 2024 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)
Пайыздық кірістер	132	104
- Топтың негізгі басқарушы қызметкерлер құрамы	7	7
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	125	97
Пайыздық шығындар	(252)	(33)
- Топтың негізгі басқарушы қызметкерлер құрамы	(104)	(32)
- негізгі басқарушы қызметкерлер құрамының жақын туыстары	(55)	(1)
- өзге	(93)	-
Клиенттерге және банктерге берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервтерді қалыптастыру	(953)	(3,789)
- Топтың негізгі басқарушы қызметкерлер құрамы	(1)	-
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	(952)	(3,789)
Операциялық шығындар	(1,815)	(974)
- Топтың негізгі басқарушы қызметкерлер құрамы	(1,815)	(974)

Негізгі басқарушы персоналға 2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін сыйақы қысқа мерзімді сыйақылармен ұсынылған. Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасының сыйақыларының жалпы сомасы тиісінше 2025 және 2024 жылдарғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 1,483 млн теңге және 877 млн теңгені құрады (аудиттелмеген).

33. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы 11 тамызда Банк номиналды құны бір мың теңге болатын субординацияланған облигацияларды 29,998,759 дана мөлшерінде сатып алуды жүзеге асырды. Субординацияланған облигацияларды сатып алу Банктің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Банктің Қазақстан Республикасының банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасына қатысуы шеңберінде бұрын тартылған мемлекеттік қаражатты толық мерзімінен бұрын қайтару ретінде жүзеге асырылды.

2025 жылғы 15 және 18 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті ҚР қолданыстағы Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы Заңға, сондай-ақ 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін жаңа ҚР Салық кодексіне қол қойды. 2025 жылға қатысты өзгерістер жеке тұлғалардың декларациясын тапсыру тәртібі мен мерзімдеріне, сондай-ақ белгілі бір кірістерге, соның ішінде МБҚ бойынша кірістерге, ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді салымдар бойынша кірістерге, тиісті залалдарды ескере отырып, бір жылға дейінгі мерзімге своптар бойынша кірістерге және тиісті пайыздық шығыстарды ескере отырып, РЕПО операциялары бойынша пайыздық кірістерге КТС мөлшерлемесін 10%-ға ұлғайтуды қамтыды.

Коммерциялық банктер 2025 жылғы 31 желтоқсандағы тиісті провизияның баланс сомасына еншілес компанияға – стрестік активтерді басқару жөніндегі ұйымға берілген қарыздар бойынша провизияны қалпына келтіру бойынша біржолғы кірісті тануға міндетті.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Салық кодексі, негізінен, салықтық жеңілдіктер көлемін қысқартуға және экономиканың түрлі секторларында сараланған салық мөлшерлемелеріне көшуге бағытталған. Жаңа Салық кодексінде бизнесті кредиттеуден түсетін кірістерді қоспағанда, банк секторы үшін КТС мөлшерлемесін 25%-ға дейін ұлғайту; қаржылық операциялар бойынша ҚҚС бойынша жеңілдіктерді алып тастау; ҚҚС мөлшерлемесін 16%-ға дейін ұлғайту көзделген.